

## Болашаққа бастар бес реформа

ІМ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ЗАЛЫНДА «ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАСЫН ІСКЕ АСЫРАТЫН 100 НАҚТЫ ҚАДАМ – ҰЛТ ЖОСПАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТА ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Кездесуге Қостанай қаласының прокуроры, аға заң кеңесшісі А. Ерекешев, оқу ордасының басшылары, бөлім, бөлініс, факультет бастықтары, Ардагерлер кеңесінің төрағасы, 3-4 курс бастықтары, Тәжікстан және Қырғызстан Республикаларынан келген 3-4 курс тыңдаушылары қатысты.

«100 нақты қадам» жоспарының 86-қадамында «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады деп айтылған еді. «100 нақты қадам» жоспарын орындау бойынша оқу ордасында іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілген болатын.

Кездесуді Академия бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Е.Қаппасов: «2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Академияның келісімшарт жасау негізінде Тәжікстан Республикасының азаматтары білім алуда. Осы уақыт аралығында 27 тыңдаушы оқуын жемісті аяқтап, өз туған елінде қызмет атқаруда. Бүгінгі таңда оқу ордамызда достықпен бірлікте білім алып жатқан 13 ұлт өкілдері бар. Биылғы жылы оқу ордасына білімдерін одан әрі жалғастыру үшін қаржы полициясынан 50 тыңдаушы ауысып келді. Соның ішінде, 10 тыңдаушы Тәжікстан Республикасынан және 5 тыңдаушы Қырғызстан Республикасынан келді. Айта кетсем, 2015 жылдың 8 қыркүйек айында Тәжікстан және Қырғызстан Республикаларынан келген тыңдаушылармен Қостанай облыстық «Шарқ» Ұлттық – мәдени бірлестігінің төрағасы Э.Холметовпен, «Асаба» Қырғыз этно – мәдени бірлестігінің төрағасы Қ.Бедельбеков, Қостанай облыстық прокуратураның аға прокуроры С.Т.Нұрғазин және Академияның басшыларымен, бөлім, бөліністердің бастықтарымен кездесу өткізілді. Барлық іс-шаралар тыңдаушылардың жоғары патриоттық санасын қалыптастыру, болашақ мамандардың кәсіби - тұлғалық қалыптасуы үшін қажетті жағдай жасау арқылы тыңдаушыларды тәрбиелеудің тиімділігін күшейту, азаматтық парыз бен конституциялық міндеттерді орындауға дайындықты тәрбиелеу, өзара

қарым-қатынасты нығайту барысында атқырылып отыр» деп, сөз кезегін Қостанай қаласының прокуроры аға заң кеңесшісі А.Ерекешевке берді.



А.Ерекешев: «Тәжікстан және Қырғызстан Республикасынан келген тыңдаушыларға өзара ортақ бірлікпен татулықта, Академияның бекітілген күн тәртібін, оқу процесін қатаң сақтау қажеттілігін, сонымен қатар, оқу ордасында білім алу үшін барлық жағдайлардың жасалып жатқандығы, тек білімдерін шыңдап, одан әрі кәсіби маман иесі болып, өз туған елдеріңнің адал қызметкері болуларыңа сенімдімін!», -деп атап өтті.

Кездесу барысында тыңдаушылар өздерінің бірқатар сұрақтарын қойып, оқу ордасының басшылығына өздерінің ризашылығын білдірді. Сонымен қатар оқу ордасының бірқатар бөлініс, бөлімше бастықтары оқу ордасының қызметі, тәрбие, әскери және қызметтік даярлығы жөнінде баяндамалар жасады.

Кездесуді полиция полковнигі Е.Қаппасов: «Мемлекет және қоғам қайраткері Шырақбек Қабылбаевтың ведомстволық оқу орындарының түлектеріне «Әрқашан қырағы, адал, талғампаз, табанды болыңдар», - деген тілек сөзімен аяқтады.

Орынбасар Уақпаева  
Қазақстан Республикасы ІІМ  
Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының  
Баспасөз хатшысы